

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 желтоқсан N 1660. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 1332 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209 Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкаларын бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қарашадағы N 1405 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 4 7 , 4 5 7 - қ ұ ж а т) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қарашадағы N 1405 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 19 тамыздағы N 1264 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1 9 9 7 ж . , N 3 7 , 3 6 0 - қ ұ ж а т) ;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 19 қарашадағы N 1405 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 мамырдағы N 640 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 18, 226-құжат).

3. Осы қаулы 2002 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 1 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 6 6 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкалары

1. Заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін құру мен олардың қызметін тоқтатуды мемлекеттік (есептік) тіркеу (соның ішінде заңнамада көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде), қайта тіркеу кезінде заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкалары:

1) заңды тұлғалардан, олардың филиалдары мен өкілдіктерінен осы тармақтың 2), 3) тармақшаларында, сондай-ақ 2 және 3-тармақтарында көрсетілгендерді қоспағанда, 7600 теңгені құрайды;

2) шағын кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғалардан, олардың филиалдары мен өкілдіктерінен 2280 теңгені құрайды;

3) саяси партиялардан, олардың филиалдары мен өкілдіктерінен 15960 теңгені құрайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.30. N 1324 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

2. Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын мекемелерді, қазыналық кәсіпорындарды және үй-жай (пәтер) иелері кооперативтерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкалары:

1) құруды мемлекеттік (есептік) тіркеу кезінде - алым төленген күнге қолданылатын бір айлық есептік көрсеткішті;

2) мемлекеттік қайта тіркеу (есептік) кезінде - осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген тиісті ставканың елу пайызын;

3) қызметі тоқтатылған кезде (соның ішінде заңнамада көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) - алым төленген күнге қолданылатын бір айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.30. N 1324 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

3. Балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктерін, сондай-ақ мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерін, олардың филиалдары мен өкілдіктерін, республикалық және өңірлік ұлттық-мәдени қоғамдық бірлестіктер филиалдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкалары:

1) құруды мемлекеттік (есептік) тіркеу кезінде - алым төленген күнге қолданылатын екі айлық есептік көрсеткішті;

2) мемлекеттік қайта тіркеу - (есептік) кезінде - осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген тиісті ставканың елу пайызын;

3) қызметі тоқтатылған кезде (соның ішінде заңнамада көзделген жағдайларда қайта ұйымдастыру кезінде) - алым төленген күнге қолданылатын

бір айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.30. N 1324 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .

4. Заңды тұлғаларға, олардың филиалдары мен өкілдіктеріне мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің телнұсқасын берген кезде заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін алым төлеу ставкасы 50 теңгені құрайды.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.12.30. N 1324 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен .